# Тайынша таңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 22 (874) 12 мамыр 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany | http://tainshatany.kz | tainsha_tan@list.ru


## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ РЕФОРМАЛАР ЖӨНІНДЕГІ ЖОҒАРЫ КЕҢЕСТІҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ

Қазақстан Президентінің төрағалығымен Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің кезекті отырысы өтті. Күн тәртібінде 3 мәселе қаралды. Жиын Алматы агломерациясын дамыту мәселесінен басталды. Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, Алматы облысының әкімі Қанат Бозымбаев баяндама жасады. Сондай-ақ Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Президенттің экономикалық даму мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі, Реформалар жөніндегі жоғары кеңес төрағасының орынбасары Сэр Сума Чакрабарти және Астана халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Қайрат Келімбетов өздерінің ұсыныстарын айтты.Су шаруашылығы саласын дамытуға қатысты екінші мәселе бойынша Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешов сөз сөйледі.Министрдің баяндамасын тыңдаған Мемлекет басшысы Орталық Азия өңірінде су мәселесі қашанда өте өзекті болғанын атап өтті. Оның айтуынша, қазір бұл саладағы жағдай күрт нашарлап, тіпті, жаһандық мәселеге айналып отыр.

– Колумбия климаттық мектебіне қарасты Жер институтының зерттеуі бойынша Тянь-Шань тауларында жауын-шашынның азаю қаупі бар. Ал бұл суармалы егістіктер мен жайылымдарға қажетті тұщы судың тапшылығын тудырады деген сөз. Тау басындағы жыл бойы жататын қардың көлемі азайып барады. Ғалымдар алдағы жиырма жылда қар бұдан да тез еруі мүмкін деген болжам жасап отыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, сыртқы су ағынының азаюы суды тиімсіз пайдаланудың салдарынан ушыға түсуде. Оның пікірінше, су ресурстары жағдайына мемлекеттік мониторинг жүргізу ісін күшейту қажет.

– Ағын сулардың режимі мен су қоймаларын зерттеу үшін 800 гидрологиялық бекет қажет болса, соның 310-ы ғана жұмыс істеп тұр. Толыққанды мемлекеттік су кадастры жоқ. Бұл су ресурстарының мөлшері мен сапасына мониторинг жасауға және экономиканың салаларын сумен қамтамасыз ету жөніндегі нақты теңгерімге қол жеткізуге мүмкіндік бермейді, – деп Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев суды пайдалану саласындағы ведомствоаралық үйлестіру жұмыстарының нашар жүргізіліп жатқанын сынға алды. Мемлекет басшысы су шаруашылығы инфрақұрылымын түрлі мемлекеттік органдар басқаратынын атап өтіп, соның салдарынан су ресурстарына қатысты тиімді саясат жүргізілмей отырғанын айтты.

– Премьер-министрдің бірінші орынбасары жанынан 2015 жылы құрылған Су кеңесінің отырысы бір-ақ рет өткен. Алайда бұл кеңес пікір алмасатын мәжіліс органы ғана емес, өзінің тиімділігін көрсетіп, шешім қабылдауы керек. Қазіргі мәселелерге баса мән беру сектордағы жағдайды қалпына келтіру үшін жүйелі шаралар қабылдауға мүмкіндік бермей отыр. Трансшекаралық өзендерде су бөлу мәселесі бойынша Қазақстанның келіссөз жүргізудегі ұстанымы әлсіз болуы осыған байланысты. Ішкі су саясаты мықты болмаса, көрші елдермен тиісті су дипломатиясын құру мүмкін емес, – деді Президент.

«Жаңа экономикалық саясат» мәселесі бойынша Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы Әсет Ерғалиев, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы президиумының төрағасы Райымбек Баталов, Президенттің штаттан тыс кеңесшісі Сума Чакрабарти баяндама жасады.

Мемлекет басшысының пікірінше, бұрын-соңды болмаған жаһандық сын-қатерлер жүргізіліп отырған экономикалық саясатты толығымен қайта зерделеуді талап етеді.

– Біз алға қойған мақсаттарға қол жеткізу тәсілдерін өзгертеміз. Мәселенің мәні осында. Сондықтан жобада жалпы бағыттар мен ұрандардың ғана көрсетілгені емес, сондай-ақ нақты бағыттар, жаңа әдістердің жобасы берілгені де өте маңызды. Сонымен қатар пысықтауды қажет ететін бірнеше мәселе бар. Бірінші, менің ойымша, құжатты нақтылай түсу қажет. Мысалы, әрбір бағыт бойынша іске асырылуға тиіс экономикалық реформалар тізімінің үлгісі және олардың міндеттері мен мақсаттары көрсетілуі керек. Сондай-ақ жобада технологиялық жаңғыру және инновацияларды енгізу тәсілдері нақтыланбаған. Жаңа жағдайда инновациялық саясат қандай болуға тиіс? Өкінішке қарай, бұл мәселеде нақты ұстаным жоқ. Екіншіден, құжат аясында «Самұрық-Қазына» қоры мен «Бәйтерек» холдингінің рөлін анықтау қажет. Бұлар экономика үшін де, мемлекеттік саясат үшін де өте маңызды субъектілер. Сондықтан олардың жұмысын дұрыс жүргізу арқылы бүкіл экономикалық саясаттың тиімділігін анықтауға болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент жалпы ұсынылған тәсілдерді мақұлдады және бүгінгі талқылаудың нәтижелерін ескере отырып, құжатты пысықтауды тапсырды.

*akorda.kz*

## ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ «ОТАН АНА» МОНУМЕНТІНЕ ГҮЛ ШОҒЫН ҚОЮ РӘСІМІНЕ ҚАТЫСТЫ



*Мемлекет басшысы «Отан Ана» монументіне гүл шоғын қойып, Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза болған қазақстандық жауынгерлердің рухына тағзым етті.Содан кейін Республикалық гвардияның оркестрі Мемлекеттік әнұранды орындады, Құрметті қарауыл ротасы Қарулы Күштердің Жоғары Бас қолбасшысының, Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің алдынан салтанатты шерумен жүріп өтті.Рәсім соңында Қасым-Жомарт Тоқаев ардагерлермен әңгімелесті. Президент оларды Жеңіс күнімен құттықтап, барша қазақстандықтарға зор денсаулық, бақыт, ашық аспан тіледі.*

*akorda.kz*

# «AMANAT» ПАРТИЯСЫ РЕФЕРЕНДУМДЫ ҚОЛДАП, МӘЛІМДЕМЕ ЖАСАДЫ

«AMANAT» Төрағасы Ерлан Қошанов бейнеконференция байланысы арқылы Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі референдумды қолдау үшін партияның республикалық штабының алғашқы жиынын өткізді.

Жиын барысында Ерлан Қошанов Президенттің жалпыұлттық референдум өткізу бастамасын қолдау жөніндегі «AMANAT» партиясының мәлімдемесін жариялады.

«Президент Қазақстан халқына жариялаған биылғы Жолдауында ауқымды саяси реформалар ұсынды. Бұл реформалардың мақсаты – халықтың әл-ауқатын арттыру, суперпрезиденттік басқару формасынан Парламент пен мәслихаттардың рөлі күшейген саяси жүйеге көшу, демократиялық процестер қарқынын үдету, елдегі бірлік пен ынтымақты арттыру», - делінген мәлімдемеде.

Партия Төрағасы ауқымды реформалар сайлау, партиялық және сот-құқықтық жүйесін, аумақтық-территориялық құрылымы мен мемлекеттік биліктің бөліну принципін түбегейлі өзгертетінін атап өтті.

«Бұл – Екінші Республиканың саяси іргетасы. Президенттің осы тарихи шешімдері – жаңа әрі әділетті Қазақстан құру жолында жасалған ірі қадам. Мұның барлығы саяси бәсекелестікті күшейтуге жол ашып, Қазақстан азаматтарына жаңа әрі тең мүмкіндіктер береді. Мемлекет басшысы ұсынған кешенді реформаларды жүзеге асыру үшін Конституцияға 33 өзгеріс пен толықтыру енгізу қажет. Аталған өзгерістерді құқықтық тұрғыда бекіту үшін Президент республикалық референдум өткізуді ұсынды. Конституцияны жалпыхалықтық дауыс беру арқылы өзгерту – «мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі – халық» деген принциптің іс жүзінде орындалуының айғағы. «AMANAT» партиясы Конституциялық реформаның маңыздылығын терең түсіне отырып, алдағы референдумды өткізуді толық қолдайды!», - деді Ерлан Қошанов.

Оның айтуынша, бүкілхалықтық референдум мемлекеттің нақты өзгерістерге бет бұрғанын көрсетіп отыр, сондықтан партия барлық күш-жігерін конституциялық реформаны қоғамдық қолдауды ұйымдастыруға бағыттауға дайын.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары мен іс-шараларды ұйымдастыру үшін партия республикалық және 17 өңірлік штаб құрды. Олардың құрамына орталықтағы және өңірлердегі «AMANAT» активтері кірді. Бұл жұмысқа Парламент пен мәслихаттардағы фракция депутаттары, зиялы қауым өкілдері, мәдениет пен спорт қайраткерлері, жастар қанаты мен өңірлердегі филиалдар атсалысады. Партия мүшелері өңірлерде және шалғай елді мекендерде сайлаушылармен кездеседі.

«Мемлекет басшысы ұсынған реформа – Қазақстанның стратегиялық болашағын айқындайтын бастама. Біз ашық, өркендеген, заң үстемдік ететін, теңдік орнаған қоғам құруды көздеп отырмыз. Президент пен халықтың мақсаты ортақ, көздегені бір. Сол себепті референдумға қатысу – барлығымызға ортақ борыш! Ел тағдырын айқындайтын осынау маңызды кезеңде ешкім шет қалмауға және тарихи таңдау жасауға тиіс. Егемен еліміздің ертеңі – халықтың қолында!», - деді Ерлан Қошанов.

Жиын барысында штабтардың жұмысын жоғары деңгейде ұйымдастыруға қатысты бірқатар нақты тапсырма берілді.

# МАЛ ҰРЛЫҒЫ- жеті жылдан он екі жылға дейін...

Мал ауыл халқының күн көрісі, берекесі. Қазақ халқы ежелден төрт түлігін түлетіп, содан ризығын айырып келе жатқан халық .

Халқымыз үшін күн-көріс көзі, адал еңбегі, маңдай тері. Бірақта біреудің адал еңбегімен жинаған малына көз тігіп, оңай олжаға кенелгісі келетіндер де жоқ емес. Қазіргі таңда мал ұрлығының күннен күнге өршіп, тиылмай тұрғаны бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі десекте болады.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының, меншік құқығының қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында мал ұрлығы үшін жаза қатаңдатылды.

Осы негізде 2019 жылғы 27 желтоқсанда ҚР ҚК-де 188-1 «мал ұрлығы»арнайы бабы енгізілді. Қылмыстық жауаптылық пен жаза туралы жаңа заңға сәйкес, мал ұрлығы-бөтен малды жасырын ұрлау және мүлкі тәркіленіп, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

- адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша ірі мөлшерде жасаған мал ұрлығы мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Бірнеше рет жасалған мал ұрлығы мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қылмыстық топ аса ірі мөлшерде жасаған мал ұрлығы мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Осы бапта мал деп: ірі қара мал; жылқылар мен есектер; түйелер; ұсақ мүйізді мал; шошқалар түсініледі.

Заңның өзгеруі нәтижесінде мал өсірумен айналысатын және оны өмір сүретін адамдардың құқықтарына ешкім қол сұғпайды деп болжанады.

Көптеген адамдар мал ұрлығы үшін қатаң жаза қарастырылғанын және мал ұрлығы үшін жауапкершілік жазасыз қалмайтынын әлі білмейді.

**А.С.ПАРМАНОВ,**
Тайынша аудандық сотының Төрағасы.

• *Мемлекеттік қызмет*

# ҚОҒАМДЫҚ МОНИТОРИНГ - МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫН АРТТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру, мемлекеттік қызметтің кадрлық әлеуетін жақсарту, сервистік модельге көшу, азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сенімін арттыру – бұл мәселелер үнемі мемлекеттің назарында.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ағымдағы жылдың қаңтар айында Парламент Мәжілісінің отырысында және кейіннен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі кеңесте сөйлеген сөзінде «...мемлекеттік аппараттың жұмысы «жаңа тәсілдерді» енгізуді және мемлекеттік қызмет жүйесін іс жүзінде сервистік және клиентке бағдарланған болуы үшін қайта жүктеу қажеттілігін талап ететінін» тілге тиек етті.

Әдеп кодексінің жаңа редакциясындағы қызметтік этика қағидаттарының бірі ашықтық, сыпайылық және клиентке бағдарлану болып табылады, оған сәйкес мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтерді тұтынушы ретінде халықтың сұрау салуларына толығымен бағдарлануы, жұртшылықпен жұмыс істеуге әзірлігін көрсетуі және өз іс-әрекеттерінің ашықтығын қамтамасыз етуі тиіс.

Сондықтан, біз, мемлекеттік қызмет берушілер ретінде «халыққа құлақ асатын мемлекет» қағидатының ұстанымы ашықтық, жеделдік және өзге де сұраныстарға жауап беруіміз қажет.

Мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қол жетімділігін - мемлекеттік басқару тиімділігінің негізгі аспектісі деп алсақ, онда көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын анықтаудың бірден-бір жолы қоғамдық мониторинг болса керек.

Солтүстік Қазақстан облысының қоғамдық мониторингі жыл сайын қарқынды жұмыс жасап, облыс деңгейінде туындаған проблемалар мен оң өзгерістерді айқындап береді. Облыс төңірегінде, әлеуметтік зерттеу арқылы, азаматтардың мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қаншалықты қанағаттанатындығы, сондай-ақ қандай мәселелердің бар екені анықталады.

Өткен жылдың өзінде жүргізілген әлеуметтік сауалнамаға 3200-ден астам қызмет алушылар жұмылдырылған, олардың көпшілігі 30-дан 49 жас аралығындағы тұлғалар.

Облыстық қоғамдық мониторинг қызмет беруші, мемлекеттік корпорация арқылы және электронды түрде көрсетілген мемлекеттік қызметтер бойынша жүргізіліп, сапасын бағалаудың 5 балдық жүйесі бойынша бағаланды.

Ең жоғары балл «Қазақстан Республикасы халқының тұрғылықты жері бойынша тіркеу» мемлекеттік қызметіне тиесілі.

Ең төменгі балдарға жер учаскесін жеке меншікке бір рет немесе бөліп-бөліп сату, республикадан тыс жерлерге тұрақты тұруға шығатын азаматтарға анықтама беру сияқты мемлекеттік қызметтер орналасты.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қызмет алушылардың негізгі бөлігі, яғни 78,5% қызмет көрсетушілерге қағаз жүзінде мемлекеттік қызмет алу үшін жүгінген. Сондықтан халықты e-gov порталын пайдалану дағдыларына оқыту мәселесі өзекті болып қала бермек.

Мемлекеттік қызметтерді алған азаматтардың жалпы пікірлеріне назар аударғым келеді.

Респонденттердің 80,2% үйде интернет байланысы бар деп жауап берса, ал қалған 19,8% үйден интернетке қол жеткізе алмайтынын атап өткен.

Сұралғандардың 52,6% ұялы телефон бар екенін хабарлаған, алайда бұл құрылғы мемлекеттік қызметтерді алу үшін «Электрондық үкімет» порталының барлық функцияларына толыққанды қол жеткізуге мүмкіндік бермейтінін көрсеткен.

19,4% интернетке шығу және online мемлекеттік қызметтерді алу үшін ноутбук немесе компьютер бар деп жауап берді. Ескере кететін жайт, сұралған қызмет алушылардың 84% мемлекеттік қызмет алуға техникамен толыққанды қамтылған. Бұл өткізілген мониторинг шеңберінде анықталды.

Көрсетілетін қызметті алушы қызмет туралы ақпаратты іздеу мен online қызметіне ақы төлеудің, порталда қызмет алу үшін қойылатын талаптардың; қажетті құжаттарды жүктеудің күрделілігін - негізгі проблемалар деп көрсеткен.

Терең сұхбаттар мен сауалнама нәтижелері көрсеткендей, 50 %-дан астам қызмет алушы online қызметін өз бетінше ала алады. Мұндай қызмет алушылардың негізгі бөлігі облыс орталығында орналасқан.

Мемлекеттік корпорацияның өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштарына жүктеме өте үлкен екенін атап өту қажет, халық бұрынғыдай мемлекеттік қызметтерді алу үшін ХҚКО-ға баруда.

Сұралғандардың көпшілігі тұрғылықты жерлерінде жақсы интернет – хабарламаның жоқтығын көрсетті (мысалы Ақжар, Уәлиханов, Айыртау және Есіл аудандарында).

Ауылдық округтердің тұрғындары жергілікті жерлерде әкімдіктер әрдайым білікті көмек көрсете алмайтындығын, бұл мемлекеттік органдардың бірнеше рет бару керектігін себеп болатындығын айтты. Бұл жағдай әкімдікте жас қызметкерлердің болмауына, халықтың ауылдық округ әкімдігінде өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарының болуы туралы ақпараттың болмауына байланысты деп көрсетілген.

Ағымдағы жылы мемлекеттік қызметтердің 14 түрі қайта талданды, мониторинг нәтижелеріне сәйкес қызметтің 10 түрі бойынша қызмет көрсету сапасының орташа балы 0,3% - дан және одан жоғары төмендегені анықталды.

2021 жылғы қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша орташа балл 4,57, қызмет алу сапасына қанағаттану деңгейі - 91,63% құрады, бұл айтарлықтай жоғары көрсеткіш.

Рейтингке сәйкес ең көп балды Уәлиханов, Есіл, Айыртау аудандарының ХҚКО алды.

Жергілікті атқарушы органдардың рейтингісінде Қызылжар ауданы көш бастап тұр, одан кейін М. Жұмабаев, Жамбыл, Есіл аудандары бар.

Веб-портал арқылы көрсетілген мемлекеттік қызметтер рейтингінде ең көп балдарға Жамбыл, Айыртау, Тимирязев, М.Жұмабаев, Уәлиханов аудандары ие болды.

Орталық мемлекеттік органдар аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік қызметтері ең жақсы Айыртау, Шал ақын, Аққайың аудандарында көрсетіледі.

Ең жоғары балл «хабардар болу» параметрі (4,59 балл), ең төмен балл «мерзімдер, шығындар» (4,4) орналасты, сонымен қатар осы және басқа көрсеткіш айтарлықтай жоғары болып саналады.

Қызметтерге қанағаттанудың жалпы аясы өте жоғары. Тұтынушылар қызметтерге түсініктемелерде жиі және көп жағдайда оң пікірлер жазады. Ол әрине, қуантарлық жағдай.

«Туған жер» үкіметтік емес ұйымы қоғамдық мониторинг деректері негізінде мемлекеттік қызметтер көрсету рәсімдерін жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірледі. Бұл ұсынымдар барлық қызмет берушілерге орындау, сондай-ақ ұжымдарда зерделеу және жою бойынша шаралар қабылдау үшін жолданды.Әрине, облыстық қоғамдық мониторинг өз жұмысын жалғастыратын болады.

*Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің басшысы Е.Степаненконың авторлық мақаласы .*

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК РӘСІМДІК-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІ ӨЗ КҮШІНЕ ЕНДІ

2021 жылғы 1 шілдеден Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі өз күшіне енді.ӘРПК екі үлкен тарауы бар: әкімшілік рәсімдер және әкімшілік сот ісі. Әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік сот ісін жүргізу бірыңғай қағидаттар негізінде жүзеге асырылады: құқықтар басымдығының қағидаты: әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасындағы барлық күмәндар, қайшылықтар мен көмескіліктер әкімшілік рәсімге қатысушының пайдасына түсіндіріледі, формальды талаптарды теріс пайдалануға тыйым салу,сенім құқығын қорғау, соттың белсенді рөлі. Әкімшілік рәсімдерді толығырақ қарастырайық:

Біріншіден, әкімшілік рәсім аясында азаматтардың мемлекеттік органдарға және билігі бар басқа субъектілерге өтініштері қарастырылады. Мемлекет әкімшілік процедураны бастай алады. Күштер мен құралдарды үнемдеу мақсатында заң шығарушы процедураның екі нысанын көздеген: қарапайым және оңайлатылған.

Қарапайым рәсім адам өз құқықтарын іске асыруға немесе өз мүдделерін қорғауға жүгінген кезде қолданылады.

Оңайлатылған рәсім-хабарламаларды, ұсыныстарды, пікірлерді және сұрау салуларды қарау жағдайларына қолданылады.

Өтініш беру кез келген мемлекеттік органға да, әкімшілік органдар деп аталатын билік өкілеттіктері берілген кез келген субъектіге де мүмкін.

ӘРПК тұлғаларға бейнеконференцбайланыс немесе бейнеөтініш арқылы ауызша немесе жазбаша нысанда өтініш беруге мүмкіндік береді.

Барлық әкімшілік актілер екі түрге бөлінеді: қолайлы және ауыртпалық. Шағымдар бойынша бұзушылықтар анықталып, кінәлілер тәртіптік жазаға тартылды немесе өтініш берушіге жазбаша түсініктемелер берілді – бұл қолайлы акт.

Азаматтың өтініші бойынша расталмайтын және жоқ фактілер ауыртпалық түсіретін акт болып табылады.

Жаңа заңнамалық актінің оң жағы ретінде, өтінішті қарау кезінде әкімшілік орган материалдарды жинауға және зерттеуге күш салуға міндетті және тек қабылданған құжаттардағы нәрселермен ғана шектелмейді.

Әкімшілік органда құжаттардың дұрыстығына күмән туындаған жағдайда, ол оларды тексеруді бастай алады.

Әкімшілік орган әкімшілік рәсімге қатысушыға әкімшілік іс бойынша алдын ала шешімге өз ұстанымын білдіруге мүмкіндік беруге міндетті, ол туралы әкімшілік рәсімге қатысушы алдын ала, бірақ әкімшілік акт қабылданғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етіледі.

Шағым әкімшілік актінің қабылданғаны немесе әкімшілік әрекеттің (әрекетсіздіктің) жасалғаны туралы белгілі болған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей беріледі. Өтініштерді қараудың жалпы мерзімі - түскен күнінен бастап 15 жұмыс күні. Бұл мерзім екі айға дейін ұзартылуы мүмкін.

2021 жылы Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасына мемлекеттік мекемелер мен жергілікті атқарушы органдардың іс - әрекетіне белгілі бір сынмен азаматтардан 147 (123-2020 ж) өтініш келіп түсті.

Өтініштер санының төмендеу үрдісі байқалмайды, бұл 2020 жылға қарағанда 19,51% - ға артық.

Бұзылған құқықтарды қорғауға жүгінген 10 адамның құқықтары қалпына келтірілді және қорғалды.

Қаралған 58 өтініштің ішінен тәртіптік жаза қолдану, бос лауазымдар конкурстарын өткізу қағидалары, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібін бұзу, лауазымдық міндеттерді тиісінше орындамау, қызметтік әдеп нормаларын бұзу; мемлекеттік қызмет саласындағы өзге де бұзушылықтар туралы мәселелер қаралды.

Егер әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік актімен немесе әкімшілік әрекетпен келіспесе, ол жоғары тұрған органға немесе лауазымды адамға шағым бере алады. Бұл ретте аталған тұлғадан шағым беру үшін жоғары тұрған органды белгілеу міндеті алынады - шағым әкімшілік акт шығарған немесе әкімшілік әрекет жасаған органға беріледі, ол өз кезегінде оны жоғары тұрған инстанцияға жібереді.

Басқармамен 2021 жылы ведомстволық бағыныстылығы бойынша 80 өтініш жолданды.

Талдау мемлекеттік мекемелер мен жергілікті атқарушы органдардың құзіреті туралы халықтың нашар хабардар екендігін көрсетті, азаматтар соттардың, сот орындаушыларының, прокурорлардың, полицейлердің қызметін, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу сияқты мәселелерді Департамент оларды бақылауы тиіс деп есептей отырып, Мемлекеттік қызмет саласына жатқызады.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган шағымдарды қарайды және мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет, Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнаманы және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдепті сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызмет саласында туындаған барлық сұрақтар бойынша азаматтар 8-7152- 46-58-89 сенім телефонына хабарласа алады.

**Абзал Оразымбетов,**
*Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің СҚО департаменті мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы.*

# ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ СЕНІМДІ ТІРЕГІ

**Руслан ЖАҚСЫЛЫҚОВ,**
Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, генерал-лейтенант




*Биыл Қазақстан Қарулы Күштеріне 30 жыл толып отыр. Осы уақыт аралығында төл әскеріміздің жаңа келбеті қалыптасты. Егемен елмен бірге еңсерген ордалы отыз жыл жетістіксіз емес. Отан қорғаушылары тәуелсіздіктің сенімді тірегіне айналды.*

Қазақстан Республикасының Президенті – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қорғаныс әлеуетін нығайту, әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелеріне қолдау көрсету мемлекеттің басты міндеті екенін ұдайы айтып келеді. Жоғарғы Бас қолбасшының Қарулы Күштерді дамыту жөніндегі тапсырмаларын іске асыру мақсатында бөлімшелерді қайта ұйымдастыру мен жарақтандыру жұмыстары жалғасуда, әскерлерді қолданудың жаңа әдістері енгізіліп жатыр.

Қазақстан Қарулы Күштерінің әскери бөлімдері мен құрамалары бастауын еліміздің аумағында орналасқан әртүрлі кеңестік топтардан алады. Бүгінде бұл барлық маңызды бағытта шоғырланған ұтқыр да, ықшам, жан-жақты жақсы жабдықталған әскерлер деп айта аламыз.

Десанттық-шабуылдау әскерлерінің элиталық бөлімшелері сындарлы сәтте жалпы жауынгерлік тәртіпте де, басты күштерден оқшау да әрекет етіп, еліміздің егемендігін қорғауға дайын. Мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі күрделі міндеттер дайындығы мықты әскери қызметшілермен жасақталған Арнайы операциялық күштерге жүктелді. Ал Әскери-теңіз күштерін теңіз шебіндегі тегеуірінді тұтқа деп айта аламыз.

Отыз жыл ішінде елімізде әскери кадрларды даярлаудың лейтенанттан генералға дейінгі көпдеңгейлі жүйесі құрылды. Әскери мамандар Құрлық әскерлерінің әскери институтында, Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтында, Әуе қорғанысы күштерінің әскери институтында дайындалады. Қарулы Күштерде сарбаздардың жауынгерлік машығы, бөлімшелердің әскери тәртібі мен моральдық-жауынгерлік жағдайы көбіне байланысты болатын кәсіби сержанттар институты енгізілді. Республикалық әскери мектептер желісі құрылды.

Қазақстан әскерінің бітімгерлік қызметі де халықаралық аренада үлкен беделге ие болды. Біз бұл бағыттағы алғашқы тәжірибеден өткен ғасырдың 90-шы жылдары өткенбіз. Қазақстандық біріккен батальонның бірнеше ауысымы Тәжікстанда болып, ТМД-ның оңтүстік шекарасын қорғағаны белгілі. Бұдан кейін Қазбаттың арнайы бөлімшесі Ирактағы көпұлтты коалициялық күштер құрамындағы бітімгерлік миссиясына қатысты.

Қазақстандық әскери қызметшілер Біріккен Ұлттар Ұйымының Непалдағы, Батыс Сахарадағы, Кот-д'Ивуардағы және ЕҚЫҰ-ның Грузиядағы миссияларында бақылаушы ретінде қызмет атқарды. Қазіргі уақытта біздің офицерлер Ливан мен Батыс Сахарада бітімгершілік миссияларына қатысып жүр. Бұл бағыттағы жұмыстардың маңыздылығын ескере отырып, Алматы облысының Тілендиев кентінде бітімгершілік дайындық орталығы ашылды. Ол жерде саперлер мен әскери дәрігерлерді, полицейлер мен барлаушыларды оқытады.

Қазақстан посткеңестік кеңістікте алғашқы болып Қарулы Күштерде әскери полиция органдарын құрды. Бүгінде бұл құрылым алдыңғы қатарлы қару-жарақ түрлерімен, арнайы техникалық құралдармен және ақпараттық жүйелермен толықтай қамтамасыз етілген.

Армияны тұрақты түрде қаржыландыруды қамтамасыз ететін экономикалық ахуалдың жақсаруына байланысты оқу-жауынгерлік қызметтің қарқындылығы артып, әскери қызметшілердің тұрмысы да жақсарды. Сәуір айының ортасында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әскери қызмет және арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері мен әскери қызметшілердің тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Бұл құжат Отан қорғаушыларды әлеуметтік қамтамасыз етуді жақсартуға, әскери қызмет өткеру мәселелерін реттеуге арналған. Атап айтқанда, заңда қызметтік тұрғын үйді жекешелендіру, ақшалай өтемақы алу, тұрғын үйді жекешелендіру құқығының қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшінің отбасы мүшелеріне ауысуы, қызметтік тұрғын үйді қалдық құны бойынша немесе өтеусіз жекешелендіру, әскери қызметшілердің құқықтары мен міндеттерін кеңейту көзделген.

Мемлекет басшысы армияны қару-жарақ пен әскери техниканың заманауи және жоғары технологиялық үлгілерімен жабдықтау қажеттігіне баса назар аударып келеді. Осыған сәйкес, әскерлердің сапалық параметрін арттыру мен оларды кезең-кезеңмен қайта қаруландыру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп жатыр.

Қазіргі қолданыстағы сауытты техникалардың дені кеңестік және ресейлік өнімдер. Десек те, Қазақстанда заманауи сауытты дөңгелекті машиналар шығару оң жолға қойылған. Бұдан өзге, зымырандық-артиллериялық және ауыр от шашатын жүйелер, радиоэлектрондық барлау және күрес кешендері сатып алынып жатыр.

Әуе қорғанысы күштерінің де жай-күйі ел басшылығының жіті назарында. Қазіргі заманғы сын-тегеуріндер мен қауіп-қатерлерді ескере отырып, еліміздің әуе шебін күзетуде жауынгерлік кезекшілікте тұрған бөлімшелер қару-жарақтың озық түрлерімен жарақтандырылуға тиіс. Қайта қаруландыру бағдарламасына сәйкес, Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері жаңа және жаңғыртылған зымырандық кешендер мен радиолокациялық стансалармен қамтамасыз етілді. Қару-жарақтың жекелеген түрлерін жаңғыртуды «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде қазақстандық кәсіпорындар жүзеге асырып келеді. Әуе қорғанысы күштерінің авиациялық паркі қазіргі заманғы жойғыш ұшақтармен, әскери-көлік ұшақтарымен, соққы беруші және көліктік-жауынгерлік тікұшақтармен толықтырылды. Сонымен қатар барлау тапсырмаларын орындау, кедергі қою және жерүсті нысандарына дәл соққы беруге арналған екпінді-барлау, барлау және тактикалық ұшқышсыз басқарылатын ұшу құрылғылары сатып алынды.

## ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН – ЖАҢА АРМИЯ

Халықаралық жағдайдың шиеленісуінен, жаңа сын-тегеуріндер мен қауіп-қатерлердің сипатынан сабақ ала отырып, бөлімшелердің жауынгерлік әзірлігі мен жауынгерлік қабілеті ерекше өзектілікке ие болды. Гибридтік соғыстар жауынгерлік дайындықта түбегейлі өзгерістерді қажет етеді. Бүгінде Қазақстан әскері қорғаныс пен шабуылдағы классикалық ұрыс түрлерін қолданудан қазіргі қарулы қақтығыстар тәжірибесіне сәйкес ұрыс дағдыларын игеруге көшті. Бұл қалалық, таулы жерлерде айтарлықтай ұтқыр қимылдайтын, техникалық жағынан жақсы жарақталған, шағын топтардан тұратын заңсыз қарулы топтарға қарсы ұрыс түрі.

Арнайы операцияларды жүргізу мәселелерін пысықтау кезінде басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардың бөлімшелерімен өзара іс-қимылдар мен практикалық тәжірибе алмасу ұйымдастырылды. Бұл тәжірибе ротаның елді мекендерде заңсыз қарулы құрылымдарға қарсы жауынгерлік іс-қимылдар жүргізу кезінде негізгі буын болып қала беретінін көрсетті. Сол себепті жеке құрамның да, командирлердің де жылдам өзгермелі жағдайларда сенімді бағдар алып, қолда бар күштер мен құралдарды тиімді пайдалануы өте маңызды болып отыр.

Қарулы Күштердің Бас штабы Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру шеңберінде жауынгерлік дайындық бағдарламасын қайта қарауды, әскерлерді қолданудың жаңа тәсілдерін енгізуді қолға алды. Қазіргі уақытта жұмыс тобы басшылық құжаттарды өңдеумен айналысып жатыр.

Қазіргі заманғы қарулы қақтығыстардың тәжірибесі мен әскери қауіпсіздікке төнетін қатерлерді қаперге ала отырып, әскерлерді оқыту бағдарламасына жеке құрамның жауынгерлік дағдыларын жетілдіруге бағытталған өзгерістер енгізілді. Бөлімшелерді даярлау практикасына қалада ұрыс жүргізу кезінде қажетті әскери тактикалық атыс енгізілді.

Бөлімше командирлеріне төтенше жағдай режимін қолдау мәселелері бойынша тактикалық сабақтар өткізіліп тұрады. Ұшқышсыз ұшу аппараттарымен күрес тәсілдері әзірленіп, ол жалпы әскери бөлімшелерді даярлау бағдарламасына енгізілді.

Бұдан өзге, жауынгерлік сабақтар барысында басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың бөлімшелерімен өзара іс-қимылды үйлестіру мақсатында практикалық тәжірибе алмасу жүргізіледі. Бұл өзгерістердің бәрі Қарулы Күштер бөлімшелерінің жеке құрамын оқыту мен олардың жауынгерлік қабілетінің деңгейін арттыруға, қолда бар күштер мен құралдарды тиімді пайдалануға мол мүмкіндік береді.

Президент Жарлығымен Қорғаныс министрлігінің құрылымында Арнайы операциялар күштерінің қолбасшылығы құрылды. Біз оларды бейбіт уақытта да, соғыс уақытында да қолдана аламыз.

Осы жерде Арнайы операциялар күштерінің компоненттері бұған дейін, яғни 2013 жылдан бері Қарулы Күштердің үш түрінде болғанын нақтылап кетсек, артық болмайды. Бірыңғай қолбасшылықты құру Арнайы операциялар күштерінің күрделі және жауапты міндеттерді орындау кезіндегі іс-қимылдарының жеделдігі мен тиімділігін арттыруға бағытталып отыр. Әдетте, өзге әскер түрлері мен тектерін қолдануға қажеттілік неғұрлым тым қымбат саналған жағдайда ұтқыр әрі оқытылған, жарақталуы мен жабдықталуы жағынан жақсы бөлімшелер талап етіледі.

Арнайы операциялар күштеріне қорғаныс және әскери қауіпсіздік жөніндегі тапсырмаларды орындау, терроризмге қарсы операцияларға қатысу және заңсыз қарулы құралымдарға қарсы іс-қимыл жүргізу жүктелген.

Қорғаныс министрлігі бөлімшелердің күштері мен құралдарының құрамын, қолбасшылықтың функциялары мен міндеттерін белгіледі. Қазіргі уақытта тікелей бағынысты бөлімдерді жасақтау жұмыстары жүріп жатыр. Іріктеу Қарулы Күштер қатарында қызмет ететін әскерилер арасында ғана жүргізілетінін айта кету керек.

Сонымен бірге басқа күштік құрылымдарымен бірлесіп, арнайы операцияларды орындауға дайындықты күшейту үшін шұғыл ұйымдастыру шаралары қабылданды. Бұл жерде бағыныс тәртібін өзгерту, Арнайы операциялар күштері қолбасшысының басқармасын құру жеке құрамның жауынгерлік даярлық деңгейін, олардың дәлдігі жоғары қарумен, барлау, байланыс құралдарымен жарақтандырылуын арттыруға мүмкіндік береді.

Әлемде қарқынды дамып келе жатқан геосаяси шиеленістер мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басымдықтарға әсер етті. Жоғарғы Бас қолбасшы алдымызға ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін түбегейлі қайта ұйымдастыру міндетін қойды. Қарулы Күштер оның маңызды құрамдас бөлігі екенін біз жақсы түсінеміз.

Ұйымдастырушылық, техникалық және технологиялық деңгейлерде де оң өзгерістер бар. Ерекше тапсырмаларды орындауға, жедел шешімдер қабылдауға және ведомствоаралық үйлестіруге баса назар аударылатын әскерлердің жауынгерлік даярлық жоспарларына түзетулер енгізілуде. Бұл жерде әскерлерді басқару жүйесінің тиімділігі көбінесе жағдайды объективті талдауға, сандық тәсілдерді енгізуге де байланысты.

Мұндай жағдайда байланыс, радиоэлектронды күрес және барлау құралдары ерекше мәнге ие болмақ. Біз 2022 жылғы қару-жарақ пен әскери техника сатып алу жоспарын қайта қарадық. Сақтау объектілерінің құрылысы мен пайдаланылмайтын оқ-дәрілерді кәдеге жаратуда көлемді жұмыстар атқарылды.

Бұл тапсырмаларды орындау Қарулы Күштердің кадрлық әлеуеті мен әскери білім сапасына да қатысты. Бұл мәселелер Қорғаныс министрлігі басшылығының жіті назарында.

Қысқаша қайырсақ, біздің алдымызда осындай тапсырмалар тұр. Бұл міндеттерді шешу басшылық құрамнан күш-жігерді, дәйекті әрі үйлесімді іс-әрекеттерді талап етеді.

Арыс пен Сарыкемердегі жарылыстардан туындаған төтенше жағдайларды қазақстандықтардың қорғаныс ведомствосымен тығыз байланыстыратыны баршаға мәлім. Алайда пайдаланылмаған оқ-дәрілердің мәселесі кеше ғанатуындаған жоқ. Халықтың тығыз орналаспағанын ескерген Кеңес Одағы стратегиялық оқ-дәрілер қорын өткен ғасырдың 30-жылдарынан бастап Қазақстан аумағына әкеле бастады.

Қорғаныс министрлігі құрылған сәттен бастап осы оқ-дәрілерді түгендеумен, олардың жарамдылығын тексерумен, сондай-ақ сұрыптаумен және орналастырумен айналысып келеді. Сонымен бірге оқ-дәрілердің бір бөлігі әскери-техникалық көмек ретінде көрші мемлекеттерге берілді. Қалған бөлігі жойылады немесе одан әрі сақтауға жатады.

Соңғы уақытқа дейін оқ-дәрілерді кәдеге жаратумен Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне бағынысты ұйымдар айналысты. Арыс оқиғаларынан кейін Қарулы күштерде қару-жарақ пен оқ-дәрілерді сақтау объектілерін жетілдіру жөніндегі кешенді жоспар қабылданды.

Дегенмен пайдаланылмайтын оқ-дәрілерді кәдеге жарату қарқынына қарап, Индустрия министрлігіне қарасты кәсіпорындардың шектеулі технологиялық және өндірістік мүмкіндіктерінен көп нәрсені аңғардық. Сол себепті Қорғаныс министрлігіне Индустрия министрлігі кәсіпорындарымен бірлесіп, пайдалануға жарамсыз және одан әрі сақтау үшін қауіпті оқ-дәрілерді кәдеге жарату жөніндегі шараларды орындауға мүмкіндік беретін заңнамалық өзгерістер қабылдауға тура келді.

Көктем басталысымен жұмыстар қайта жанданды. Бұл техникалық аумақты тазарту мен арнайы ұйымдастырылған полигондарда жарылыс қаупі бар заттарды жою жүріп жатқан Арыс пен Сарыкемерге де қатысты. Олардың орналасқан жері жергілікті атқарушы билікпен алдын ала келісілген. Жұмыстарды біліктілігі жоғары және практикалық тәжірибесі бар, оның ішінде шетелдік нұсқаушылардың басшылығымен тәжірибеден өткен инженерлік-саперлік бөлімшелердің әскери қызметшілері жүргізеді.

«Қауіпсіз ел» ұлттық жобасы шеңберінде елді мекендерден қауіпсіз қашықтықта орналасқан оқ-дәрілерді сақтаудың заманауи базалары салынады. Бұл алдымен оқ-дәрілерді сақтауға және азаматтардың қауіпсіздігі мәселелерін оңтайлы шешуге көмектеседі.

Оқ-дәрілерді сақтау орындарында өрт қауіпсіздігі шаралары күшейтілді. Модульдік өрт сөндіру деполары салынды, жайтартқыштар орнатылды. Өрт сөндіруге қажетті су айдындары салынды. Оқ-дәрілері бар қоймаларға автоматты өрт сөндіру жүйелері орнатылды.

## ОТАНДЫ СҮЮ – МІНДЕТ, ҚОРҒАУ – ПАРЫЗ

Болашақ жауынгерлерді Отанын сүйетін өз елінің нағыз патриоты болуға тәрбиелеу отбасынан, мектеп қабырғасынан басталады. Бұл барлық мемлекеттік органдардың, оның ішінде білім беру, мәдениет және спорт мекемелерінің, бұқаралық ақпарат құралдарының, ардагерлер ұйымдарының жүйелі жұмысын талап етсе керек. Бұл бағыттағы жұмыстардың бәрі өткен тарихымызды зерделеуге, аталарымыздың Ұлы Отан соғысындағы ерлігін насихаттауға және Жеңістің құндылықтарын бағалауға арналуы керек.

Елімізде мемлекеттік мерекелердің қарсаңында оқушылар мен әскерге шақырылушылардың қоғам қайраткерлерімен, әскери қызметшілермен және Қарулы Күштердің ардагерлерімен кездесулері дәстүрлі түрде ұйымдастырылып тұрады. Олардың қатарында Ауған соғысына қатысқан, БҰҰ бітімгершілік миссияларының құрамында отты нүктелерде қызмет еткен адамдар да бар.

Республикалық «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының тәрбиеленушілері аға буынның дәстүрін құрметтеп өсіп келеді. Бүгінде бұл ұйымның қатарында 200 мыңнан астам ұл-қыз бар. Жыл сайын солар үшін «Айбын» республикалық әскери-патриоттық жиыны өткізіліп тұрады. Онда балалар өздерінің зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін, дене дайындықтарын көрсете алады. Патриоттық тәрбие беру бағытындағы бұл жұмыстар тоқтаусыз жүргізілгені абзал.

«Қасіретті қаңтар» оқиғалары елдегі патриоттық тәрбие саласындағы үлкен олқылықтарды көрсетіп берді. Парламент Мәжілісінің отырысында Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев көптеген жас азаматтың Қарулы Күштер қатарында әскери борышын өтеуден қашатынын атап өтті. Сонымен бірге біздің алдымызға «Жастарымызды әскери борышын өтеуге қалай ынталандыруға болатынын біз бүкіл қоғам болып ойластыруымыз керек» деген тапсырма қойды.Осыған сәйкес, Қорғаныс министрлігі бірқатар ұсыныс әзірлегенін айта кеткен жөн. Атап айтқанда, қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарастырдық. Оның ішінде коммуналдық қызметтерге ақы төлеу кезінде мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің отбасы мүшелеріне (мерзімді әскери қызметті өткеру кезеңіне) қосымша жеңілдіктер беру, мерзімді әскери қызмет өткеру кезеңіне кредиттер («кредиттік демалыс») бойынша төлемдерді кейінге қалдыру, сондай-ақ білім беру секторында да жеңілдіктер беру көзделген.

Қорғаныс министрлігінде жауынгер елдің ұландарын әскер қатарында шын ниетпен қызмет етуге дайындау жұмыстары алдағы уақытта да жалғаса бермек.

**«Егемен Қазақстан»газетінен.**

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ
## 2022 жылғы 5 маусымда республикалық референдум өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Конституцияның 91-бабының 1-тармағына және «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 18-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. 2022 жылғы 5 маусымда республикалық референдум өткізілсін.

2. «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы «2022 жылғы 6 мамырда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған «Қазақстан

3. Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында баяндалған Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайсыз ба?» деген тұжырымдағы сауал қойылып, республикалық референдумға шығарылсын.

4. Осы Жарлық және «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы 2022 жылғы 6 мамырда бұқаралық ақпарат құралдарында ресми түрде жариялансын.

5. Республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу Референдумның орталық комиссиясының қызметін атқаратын Орталық сайлау комиссиясына, сондай-ақ референдумның аумақтық және учаскелік комиссияларының қызметін атқаратын аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына жүктелсін.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясымен, Қазақстан Республикасының басқа да орталық мемлекеттік органдарымен және жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

7. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Президенті Қ. ТОҚАЕВ**
Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 5 мамыр №888

*Қазақстан Республикасы Орталық референдум комиссиясының 2022 жылғы 6 мамырдағы 32/482 қаулысымен «Бекітілген»*

# 2022 ЖЫЛҒЫ 5 МАУСЫМҒА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМДЫ ӘЗІРЛЕУ МЕН ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗГІ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ

1. Бұқаралық ақпарат құралдарында аумақтық және учаскелік референдум комиссияларының құрамын жариялау
Аумақтық референдум комиссиялары
Референдум тағайындалғаннан кейін о**н күннен кешіктірмей**
2022 жылғы 15 мамырдан кешіктірмей

2. Бұқаралық ақпарат құралдарында референдум учаскелерінің шекаралары туралы хабарды жариялау
Тиісті әкімдер
Референдум тағайындалғаннан **кейін он күннен кешіктірмей**
2022 жылғы 15 мамырдан кешіктірмей

3. Республикалық референдум алдындағы үгіт
референдум тағайындалғаннан кейін басталады және
2022 жылғы 4 маусымда нөл сағатта аяқталады

4. Шешіммен учаске құрылған әкім қол қойған референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімдерін учаскелік референдум комиссияларына акт бойынша ұсыну
Тиісті әкімдер
Дауыс берудің басталуына **жиырма күн қалғанда**
2022 жылғы 15 мамырдан кешіктірмей

5. Азаматтардың тұрғылықты жері бойынша құрылған учаскелер бойынша референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімдерін танысуға ұсыну
Учаскелік референдум комиссиялары
Дауыс беру күніне **он бес күн қалғанда**
2022 жылғы 20 мамырдан кешіктірмей

6. Жекелеген референдум учаскелерінде дауыс берудің басталуы мен аяқталуының басқа уақытын белгілеу және бұл туралы шешімді азаматтарға жеткізу
Аумақтық референдум комиссиялары
Дауыс беру күніне дейінгі **он күннен** кешіктірмей
2022 жылғы 25 мамырдан кешіктірмей

7. Дауыс беру уақыты мен орны туралы азаматтарды хабардар ету
Учаскелік референдум комиссиялары
Дауыс беру күніне дейінгі кемінде **он күннен кешіктірмей**
2022 жылғы 25 мамырдан кешіктірмей
(26–б. 1–т.)

8. Референдумның учаскелік комиссияларына дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жеткізу
Аумақтық референдум комиссиялары
Референдум өткізуге **жеті күн қалғанда**
2022 жылғы 28 мамырдан кешіктірмей
(27-б. 5-б.)

9. Дауыс беру үшін референдум учаскелерін ашу және ашу туралы хаттама жасау
Учаскелік референдум комиссиялары
Дауыс берудің басталуына бір сағат қалғанда
Егер дауыс берудің басталуына басқа уақыт белгіленбесе, жергілікті уақыт бойынша сағат **06:00-де**

10. Дауыс беруді өткізу
Учаскелік референдум комиссиялары
Дауыс берудің басқа уақыты белгіленбесе, дауыс беру күні жергілікті уақыт бойынша сағат **07:00-ден 20:00-ге дейін**

11. Референдум учаскесінде дауыстарды санау және дауыс беру нәтижелері туралы хаттама жасау
Учаскелік референдум комиссиялары
Дауыс беруді аяқтаудың басқа уақыты белгіленбесе, жергілікті уақыт бойынша **сағат 20:00-де** басталады . Санау уақыты санау басталғаннан бастап он екі сағаттан аспауға тиіс

12. Дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесін референдум учаскесінің үй-жайында жалпыжұрттың танысуы үшін арнайы белгіленген орында орналастыру
Учаскелік референдум комиссиялары
Хаттамаларға қол қойылғаннан кейін – **дереу**

13. Референдум учаскесінде дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманы тиісті аумақтық референдум комиссиясына ұсыну
Учаскелік референдум комиссиялары
Хаттамаға қол қойылғаннан кейін – **дереу**

14. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында референдумның нәтижелерін шығару
Аумақтық референдум комиссиялары
Дауыс берілген күннен бастап екі күннен аспайтын мерзімде
(22-б. 1-т.7-тт.)

15. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағындағы референдум нәтижелері туралы хаттаманы Орталық референдум комиссиясына ұсыну
Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық референдум комиссиялары
Дауыс беру күнінен бастап екі күннен аспайтын мерзімде

16. Референдум қорытындыларын шығару және бұқаралық ақпарат құралдарында референдум қорытындылары туралы ресми хабарды жариялау
Орталық референдум комиссиясы
Референдум өткізілген күннен бастап **жеті күннен** кешіктірмей
2022 жылғы 12 маусымнан кешіктірмей
(31, 33-б.)

Ескерту: Күнтізбелік жоспардың мәтінінде «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының нормаларына сілтемелер беріліп отыр.

# СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ТАЙЫНША АУДАНЫ АУМАҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯ ҚҰРАМЫ МЕН ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

| № р/б | Аумақтық референдум комиссиясының орналасқан жері | Телефон, факс | Аумақтық референдум комиссиясының құрамы |
|---|---|---|---|
| **Тайынша ауданының аумақтық референдум комиссиясы** | | | |
| 11 | 151000, Тайынша қаласы Қазақстан Конституциясы к., 197, аудан әкімдігінің ғимараты | коды (871536), тел./факс: 21-3-26 | **Төрайым** – Еслямова Күлпаш Қалиқызы; **төрайымның орынбасары** – Кочелабова Светлана Витальевна; **комиссия хатшысы** - Биньковская Виктория Викторовна; **комиссия мүшелері:** Айдарханова Айсұлу Орынбасарқызы, Ғабдулина Марияш Токтарқызы, Иванова Ольга Федоровна, Сағандыков Руслан Ермуханбетұлы |

**Комиссияның жұмыс уақыты 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі ас 13.00-ден 14.00-ге дейін**

# УЧАСКЕЛІК РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ, РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

| № р/б | Референдум учаскесінің нөмірі | Учаскелік референдум комиссиясының орналасқан жері | Референдум учаскесі шекараларының сипаттамасы | Учаскелік референдум комиссиясының құрамы |
|---|---|---|---|---|
| | | | **Тайынша ауданы** | |
| 1 | № 415 | Тайынша қ., Астана к., 165, №1 орта мектеп ғимараты | Тайынша қ.: к., Күншығыс, № 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136, 137, 138, 139, 140, 141, 142, 143, 144, 145, 146, 147, 148, 149, 151, 153, 155, 157, 159, 161, 163, 165, 167, 169, 171, 173, 175, 177, 179, 181, 183, 185, 187, 189, 191, 193, 195, 197, 199, 201, 203, 205, 207; к., Астана № 90, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 135, 136, 137, 137а, 138, 139, 140, 141, 142, 143, 144, 145, 146, 147, 148, 149, 150, 151, 152, 153, 154, 155, 156, 158, 160, 161, 162, 163, 164, 165, 166, 167, 168, 169, 170, 171, 172, 173, 174, 175, 176, 178, 179, 180, 182, 184, 186, 188, 190, 192, 194, 196, 198, 202, 204, 206, 208, 210, 212, 214; к., Чапаева № 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 113, 115, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136, 137, 138, 139, 140, 141, 142, 143, 144, 145, 146, 147, 148, 149, 150, 151, 152, 153, 154,155; к., Қазақстан Конституциясы № 100, 102, 104, 106, 108, 112, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 125, 126, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 136, 137, 138, 139, 140, 142, 143, 144, 145, 151, 152, 153, 154, 155, 156, 157,158, 159, 160,162, 164, 184, 187, 189, 191, 193, 204, 215, 216; к., Пролетарская № 120, 121, 123, 125, 126, 127, 130, 131,132, 133, 134, 136, 138, 140, 141, 142, 145, 146, 147, 148, 150, 151, 152, 154, 155, 157, 160, 161, 162, 163, 164, 165, 166, 168, 170, 171, 173, 175, 176, 177, 178, 179, 180, 181, 182, 183, 185, 186, 187, 188, 189, 191, 200, 202, 203, 204, 205, 206, 208, 209, 211, 213, 215, 217, 218, 219, 220, 222, 223, 224, 225, 226, 229, 230, 231, 232, 236, 238, 244, 246, 248, 250, 252, 254; к., Советский № 90, 91, 92, 93, 94, 96, 97, 98, 99, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110,111,112, 113, 115,116, 117, 118,119, 120,121, 123,124,126, 127, 128,129, 130,131, 132,133, 134,135, 137, 139,140, 141, 143, 145,146, 147, 149,152; к., Крыжановский № 19, 21, 25, 27, 29, 31,32, 33, 34, 36, 38, 39, 42, 44, 46, 48, 50, 58, 60, 62, 64, 68, 72, 76а, 78; к., Зебницкий № 84, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101,102, 103,104,105,106, 108,111; Северный шағын ауданы №1, 2, 3; Почтовый бұрылысы №2, 15, 17, 27; Абая бұрылысы № 55, 11, 13, 15, 17,19, 21, 23, 27, 29; бұрылысы Централь-ный № 7, 15, 25; бұрылысы Джамбула № 19, 37; бұрылысы Московский № 4. | **Төрайым** - Смирнова Лариса Витальевна;<br>**төрайымның орынбасары** - Жармұқан Азамат Ерболұлы;<br>**комиссия хатшысы** - Гилязова Татьяна Васильевна;<br>**комиссия мүшелері:** Бөкенова Жібек Зейнулқызы, Дрозд Карина Петровна, Ищанова Батжан Мағзұмқызы, Нұрғалиева Ботагөз Ислямқызы |
| 2 | № 416 | Тайынша қ., Коммунистическая к., 55, №4 орта мектеп ғимараты | Тайынша қ., к., Күншығыс № 10, 11, 12 ,13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32,33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43 44, 45, 47; к., Октябрь № 42а, 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 83, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 110, 111, 112, 113, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123; к., Первомайская № 12а, 14а, 16а, 20а, 22а, 24а, 26а, 28а, 30а, 32а, 34а, 34б, 34, 35б, 36а, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 61, 62, 63, 64, 65, 67, 68, 69, 70,71, 72, 73, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 91, 93, 95, 97, 99, 101, 103, 105, 107, 109, 111, 113; к., Фрунзе № 38, 42, 44, 50, 51, 52, 53, 55, 56, 57, 59, 61, 62, 63, 65, 67, 69, 71, 73, 75; к., Тайыншинский № 1, 2, 4, 5, 6, 8, 9, 10, 11, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 20, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 45, 47, 49, 51, 53, 55, 57, 59, 61, 63, 65, 67, 69, 71; Мира № 1, 2, 3 ,4 ,5,6, 8, 9, 11; к., Коммунистическая № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 54, 55, 57; к., Чаглинская № 3, 5, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 39, 40, 41, 42, 43, 44а, 45, 46, 47, 49, 51, 53, 55, 57; Крупская № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14; улица Заводская № 1, 3, 5, 6, 7, 8, 9, 11, 12, 13, 15, 16, 17, 19, 20, 21, 22, 23, 27, 28, 29, 30, 31, 33, 35, 37, 39, 41; к.: Маяковского № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 26; к., Садовая № 19, 21, 25, 27, 29, 31, 35, 37а, 37: бұрылысы Трудовой № 1; бұрылысы Космический № 57, 63, 67, 69; бұрылысы Некрасова № 1. | **Төрайым** - Ташетова Баян Маратқызы;<br>**төрайымның орынбасары** - Мырзахмедова Роза Жолдаспайқызы;<br>**комиссия хатшысы** - Качалкина Наталья Викторовна;<br>**комиссия мүшелері:** Каппасов Қайыр Серікқалиұлы, Медведева Ольга Ивановна, Соболевская Ольга Ивановна, Чил-Оглы Наталья |
